

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚТАР ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНДА СЫРТТАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН
«БІЗ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘЛІМГЕРЛЕРІМІЗ» ТАҚЫРЫБЫНДА
ТӘЛІМГЕР ШЕБЕРЛІГІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ФОРУМЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Астана қаласы

2015 жылғы 3 – 30 сәуір

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы республикадағы колледждердің, жоғары оқу орындарының үздік педагогикалық жасақтар мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасындағы ең шығармашыл, кәсіби тәлімгерлерді анықтау және оларды ынталандыру мақсатында педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасында «Біз – Қазақстанның тәлімгерлеріміз» тақырыбында тәлімгер шеберлігінің республикалық форумын 2015 жылғы 3 сәуір – 30 сәуір аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізуде.

Міндеттері:

балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру түрі ретінде педагогикалық жасақтардың қозғалысына оң көзқарас қалыптастыру;

мемлекеттегі педагогикалық жасақтардың қозғалысына қатысушылардың тұлғалық және кәсіби қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату;

Қазақстандағы оқу орындары мен педагогикалық жасақтардың арасында кәсіби байланысты нығайту және дамыту.

Сырттай өткізілетін Республикалық форумға колледждердің, ЖОО-ның педагогикалық жасақтары, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады.

Педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасында сырттай өткізілетін «Біз – Қазақстанның тәлімгерлеріміз» тақырыбында тәлімгер шеберлігінің республикалық форумын өткізу туралы қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 8(7172) 249-303 тел/факс, 8-701-189-66-56, 8-747-121-04-86, электрондық пошта: spo.rumcdo@mail.ru.